

## Конкурсқа қатысу үшін Қазақстан Республикасының колледждерге түскен және оқитын тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады

1) Электронды өтінім беру кезінде автоматты түрде қалыптастырылады, сондықтан өтінімнің сканерленген нұсқасын қосымша ұсыну **талап етілмейді**;

2) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетілген жеке куәліктің/туу туралы куәліктің/паспорттың көшірмесі;

3) алдыңғы білім алғанын және үлгерім балын растайтын құжаттың (негізгі орта білім туралы куәліктің не жалпы орта білім аттестатының) көшірмесі:

– негізгі орта білім туралы куәліктің немесе жалпы орта білім аттестатының орташа балы 1 (бірінші) курсқа түскен адамдар үшін кемінде 4,0 (5,0-ден);

– техникалық және кәсіптік білім туралы диплом бойынша мамандық (оның ішінде жұмыс) алған кандидаттың және білім алушының үлгерімінің орташа балы – өткен оқу жылы үшін кемінде 4,5 (5,0-ден).

– 1 (бірінші) курсты аяқтаған кандидаттар үшін GPA кемінде 3,0 (B);

– 2–3 (екінші, үшінші) курстарында оқуды аяқтаған кандидаттар үшін GPA кемінде 3,33 (B+);

1 (бірінші) курсқа түскендер үшін және білім алушылар үшін – үлгерім ведомосынан үзінді (болмаған жағдайда, оқу бөлімімен расталған өткен оқу жылы үшін орташа балы көрсетілген анықтама).

4) отбасы құрамы туралы анықтама (тек көп балалы отбасылар үшін);

5) төменде көрсетілген санаттардың біреуі (немесе бірнешеуі) бар болған жағдайда оларды құжатпен растау: аз қамтылған және (немесе) толық емес отбасы, мүгедектігі бар тұлға және жетім бала (жетім балалар);

6) қол қойылған (оқу орнының ресми бланкісінде немесе мөрімен расталған) оқуға қабылдау туралы/оқу туралы анықтама (**Заңды тұлғалардың төлеуі үшін** 1 (бір) оқу жылындағы оқу құны, оқу курсы мен нысаны, қаржылық берешегінің жоқтығы көрсетіледі);

7) конкурстарға, олимпиадаларға және т. б. қатысу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмесі (бар болса).

*Жұмыс органы және (немесе) Комиссия қосымша құжатты сұратуға құқылы. 2026-2027 оқу жылы өтінімдер Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтары мен біліктіліктерге, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім кадрларын дайындау бағыттарының тізіміне (бұдан әрі - Тізім) сәйкес қабылданады. Тізімге кірмеген мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша 2025-2026 оқу жылында қаржыландырылған студенттер байқаудың барлық критерийлеріне сәйкес келген жағдайда байқау іріктеуіне қатыса алады.*